



Автор: Байтымбетова Гаухар Курманалиевна

Пән: Математика

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Үш таңбалы сандарды қосу және азайту

Тақырып: Үш таңбалы сандарды қосу және азайту

Оқу мақсаттары:	3.1.1.2 үш таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру; 3.1.2.5. Үш таңбалы сандарды/мыңдықтарды санның ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау; 3.2.1.2. Әріптердің берілген мәндерінде екі әрпі бар әріпті өрнектің мәнін табу.
сабақтың мақсаттары:	Барлық оқушылар: үш таңбалы сандарды оқиды, жазады және салыстырады; Үш таңбалы сандарды/мыңдықтарды санның ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды ауызша орындайды. Кейбір оқушылар: Әріптердің берілген мәндерінде екі әрпі бар әріпті өрнектің мәнін табуды біледі. Көпшілік оқушылар: Үш таңбалы сандарды/мыңдықтарды санның ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындауды түсіндіре алады.
Тірек білім, білік, дағды:	Дағдыларын дамыту: 1000 көлеміндегі сандарды оқи алады. Пәндік лексика және терминология: Разряд. ондықтар, жүздіктер, бірліктер, мыңдықтар. Үш таңбалы сандардың ондық құрамы. Үш таңбалы сандардың қосу және азайту амалдарын орындау тәсілдері. Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл. Талқылау: Санды разрядты қосылғыштардың қосындысы түрінде жазу дегеніміз не? Разряд бойынша қосу (азайту) дегеніміз не ? Үш таңбалы сандарды қалай қосуға болады? Жазылым: Сандық және әріптік өрнектерді жазу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақтың басы: (6мин.)	Ынталандыру. Ауа райын білу не үшін қажет? Нақты ауа райы туралы мәліметті білгеніңіз көптеген қиындықтан сақтауы мүмкін (ең аз дегенде – бұл аяқ киімнің су болып қалуынан, сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы үлкен шығындардан сақтайды және т.б.). Сол себепті ауа райы туралы мәлімет нақты және сенімді болуы өте маңызды. Метеорологтардың нақты ақпараты – әуетранспорт қызметінің сәттілігінің кепілі. Климаттық жағдайы қауіпті және табиғи апаттар болуы мүмкін аймақтарда ауа райын білу өте маңызды. Өзектендіру. Топтық жұмыс (әртүрлі мөлшердегі және түрлі түсті геометриялық фигуралар, табиғи материалға – бұршақ, түрлі жаңғақтар, қақпақтар, түймелер және т.б. жатады). Балалар оқулықтан 1-тапсырманы орындайды. Мысалы, 324 санын былай қоюға болады:              Мақсат қою (мәселелі жағдаят) Оқушылар топпен жұмысты жалғастырып, оқулықтағы 1-тапсырманы орындауды жалғастырады, сандар сәулесінен жиындар шешімін атап, көрсетеді, осы жиынның 5 санын атайды. Оқушылардан бүгін қандай сандармен жұмыс жасайтындарын сұрайды (үш таңбалы).	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақтың ортасы: (20мин.)	Жаңаны ашу. Жаңа тақырып бойынша бейнебаянды (1,13мин) көрсетеміз. https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/246-347-593-246-turindegi-ush-tangbaly-sandardy-zhazbasha-qosu-zhane-azajtu?mid=f8e43bf0-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe 2-тапсырма: оқушылар есептеулерін түсіндіріп және балалардың есептеу алгоритмдерін ауызша айтады. $678+2=670+(8+2)=670+10=$ $791+9=790+(1+9)=790+10=$ Түсіндіре отырып алғашқы бекіту. 3(a)-тапсырма: оқушылар есептегендерін кезекпен айтып түсіндіреді. $576+4$ $593+7$ $3+547$ $7+123$ 4-тапсырма: оқушылар есептеуді орындауда толық ондыққа дейін толықтыруды қолданғанның тиімді екендігін бақылап байқаулары қажет 5-тапсырма: оқушылар есепті шығарады. Берілгенге кері есеп құрастырады және өзінің пайымдауының дұрыстығын дәлелдейді.	
Өзіндік жұмыс: (5мин.)	Өзіндік жұмыс Мұғалім дәптердегі тапсырманы орындауды ұсынады. Бағалау критерийлерін қарайды. Мен: -үш таңбалы сандардың ондық құрамын жазуды білемін; -1000 көлеміндегі сандарды ондық құрам негізінде қоя аламын; -1000 көлеміндегі сандарды ондық құрам негізінде азайтамын. Өткенді қолдану. Оқулықтағы 6-тапсырманы орындау ұсынылады.	
Кері байланыс: (3мин.)	Кері байланыс. «Жетістік сатысы»	